

ЖУРНАЛ ЗАРЕГИСТРИРОВАН
В МИНИСТЕРСТВЕ
ИНФОРМАЦИИ РК.
СВИДЕТЕЛЬСТВО О РЕГИСТРАЦИИ
№ 4482-Ж ОТ 1 ДЕКАБРЯ 2003 Г.

№6 (95), декабрь 2021 год

СОБСТВЕННИК: ГККП “Областной центр
детско-юношеского туризма и экологии управления
образования акимата ЗКО”

Издается при поддержке Областного управления
образования акимата ЗКО.
Выходит 6 раз в год

Основатель журнала – **Фомин В.П.** академик
МАДЮТиК, кандидат педагогических наук

Шеф-редактор – **Беккалиев Г.И.**
Редакционный совет:
Председатель совета – **Мынбаева А.А.** -
руководитель Западно-Казахстанского областного
управления образования

Члены совета:
Жумаев М.С. – заслуженный мастер спорта РК по
альпинизму
Смирнов Д.В. – президент Международной
академии детско-юношеского туризма
им. А.А. Остапца – Свешникова, д.п.н.
Мазбаев О.Б. – академик МАДЮТиК,
доктор географических наук
Никитинский Е.С. – профессор,
доктор педагогических наук
Абдулхаиров А.З. – доцент,
кандидат педагогических наук
Шаяхметов А.Г. – академик МАДЮТиК

Редакционная коллегия:
Усагалиева Г.З. – заместитель директора
ОЦДЮТиЭ по учебно-методической работе
Мукашева А.Б. – заместитель директора
ОЦДЮТиЭ по учебно-воспитательной работе
Неталиева К.Е. – заведующая отделом туризма
ОЦДЮТиЭ, действительный член МАДЮТиК
Альмуханова Р.С. – заведующая отделом
краеведения ОЦДЮТиЭ
Гатауов Н.Х. – заведующий отделом экологического
туризма ОЦДЮТиЭ
Нурманов Р.Е. – заведующий отделом спортивного
ориентирования ОЦДЮТиЭ
Мазуренко В.В. – заведующий отделом спорта и
физической культуры ОЦДЮТиЭ

Над номером работали:
Кайрлиева К.Ж. – главный редактор
Күшеккалиев Ж.Н. – дизайн, верстка

Мнение редакции журнала может не совпадать
с мнением авторов публикаций. Рукописи не
рецензируются и не возвращаются.

Подписной индекс - 75184
Для предприятий и организаций - 25184
Адрес редакции:
090004 Республика Казахстан, г. Уральск,
ул. Исатай бағыра, 7111
Тел. (7112) 52-59-42, 52-58-91
e-mail: evrasia_centre@mail.ru
www: turizmzko.kz

Формат 214x280 мм, печать офсет. Тираж 500 экз
Отпечатано в ИП Компания “Профи полиграф”,
г. Нур-Султан

ӨЗЕКТІ-АКТУАЛЬНО

Кусайнова А.А.

Ақтаудағы тәрбие тағылымы.....2

Утарбаева А. Б.

Ақтөбе балалар және жасөспірімдер
туризміне 50 жыл!.....5

ТУРИЗМ

Ридзаускене И.В., Ридзаускас В.Ю.

Горы в моем сердце.....13

Тургумбаев А.А.

Батыс Қазақстан облысының аймақтық
тарихи-мәдени-географиялық нысандары.....18

Тегісбай М.Қ.

Балалар туризмі – болашаққа бағдар.....22

ӨЛКЕТАНУ - КРАЕВЕДЕНИЕ

Джумагазиева А.У.

Роль музеев в экологическом воспитании: гуманитарные,
социально-экономические и образовательные
аспекты музейного дела.....24

Кузьмина Л.В.

Документы военного времени28

Милехин В.В.

Доронин Г.Н. - журналист
и исследователь Приуралья.....34

Чеснокова С.Р., Чеснокова Е.С.

Небо Приуралья.....41

ГЕОЛОГИЯ

Якименко Г.А.

Я-б в геологи пошел, пусть меня научат!.....43

СПОРТТЫҚ БАҒДАРЛАУ

СПОРТИВНЫЕ ОРИЕНТИРОВАНИЕ

Бисемалиев С.Қ.

Өнегелі ұстаз тәжірибесі көпке үлгі.....47

ӘДІСНАМА - МЕТОДОЛОГИЯ

Куаналиева М.С.

Гитараны үйретудің алғашқы кезеңдері50

Нурманов Р.Е.

«Спорттық бағдарлау» оқу құралы.....53

СПОРТ

Джумагазиев Ж.А.

Развитие координационных способностей
у футболистов.....57

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА

Айтжанова М.Ш.

Табиғат туралы музыкалық шығармалар60



Ақтаудағы тәрбие тағылымы



Кусайнова А.А.

Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бас маманы, Орал қ., БҚО.

Аннотация

Мақалада Батыс Қазақстан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің профилактикалық бақылау барысында Тасқала аудандық «Ақтау «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұлттық өнердің дәріптелуі, оқушыларды еңбекке баулудағы, еңбекті бағалаудағы ерекшелігі, тәрбие жұмысы арқылы құндылықтарды қалыптастыруы, мектеп миссиясын орындаудағы ұжымның қызметі туралы жазылған.

Аннотация

В публикации изложены материалы профилактического контроля, проведенного департаментом по обеспечению качества в сфере образования Западно-Казахстанской области в коммунальном государственном учреждении «Комплекс «школа-ясли-сад» Актау» Таскалинского района по пропаганде национального искусства, о специфике трудового воспитания учащихся и особенностях оценки труда по формированию ценностей через воспитательный процесс, деятельности коллектива в выполнении миссии школы.

Кілт сөздері: Тасқала, Ақтау, тәрбие, құндылық, еңбек

Батыс Қазақстан облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2021 жылдың II жарты жылдығындағы жоспарына 15 мектеп енгізіліп, қазіргі таңда жоспарға сай соның 13-іне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілді. Бару арқылы профилактикалық бақылаумен қамтылған мектептердің бірі - Тасқала аудандық білім беру бөлімінің «Ақтау «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Аталған мектептің жұмысы жақсы жағынан, өзіндік ерекшелігімен танылғандықтан, тексеру парағынан тыс, мектептің көзге түскен тәрбие саласына қатысты ерекше тұстарын жариялады, өзге мектептерге үлгі етуді жөн көрдік.

Тасқала аудандық білім беру бөлімінің «Ақтау «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешеніндегі» күрделі жөндеу жұмысы сапалы жүргізілген, жабдықталған материалдар эстетикалық талғамға сай таңдалған, қолданылған түстер өз

үйлесімін тапқан. Мектеп директоры Б.Ж.Иргалиеваның басшылығымен, мектеп ұжымының қолдауымен безендірілген мектеп қабырғалары мен дәліздерінде жазылған әр сөз бала тәрбиесіне ықпал етіп тұрғандай. Мектеп табалды-



рығын аттағанда Б.Момышұлының «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген нақыл сөзін түйсігіне түйген ұжым да, оқушылар да мектеп миссиясын орындауда өзіндік үлестерін қосуда.



Мектеп дәлізінде ілінген Абайдың портреті өзінің өлеңдері мен қарасөздерінде кездесетін ел, жер, ар, ождан, иман, өнер, адамгершілік қасиеттерге қатысты есім сөздерді жазу арқылы жасалынған. Портретті қарап, ондағы сөздерді

оқыған оқушы Абайдың өлеңдері мен қара сөзін еріксіз еске түсіріп, қасиетті сөздің тұнығына бойлап, бойына нәр алары белгілі. Осылайша, Абай шығармашылығымен сусындаған оқушылар мектеп айнасы - «Қарлығаш» газетінде өз шығармаларын жариялап, сырт көзге мектептің тыныс-тіршілігін таныстырып, өнерге ұмтылған, білімге құштар, қазақ тілінің құндылықтарын игерген ұрпақ бар екендігін дәлелдеп тұрғандай. Мектептегі қуыршақтар театрының жұмысы да әдеби мұраларды, тарихи құндылықтарды тануға бағытталған.

Ұлттық құндылықтардың бірі – ұлттық ойындарды үйрету де назардан тыс қалмаған. Профилактикалық бақылау барысында «Асық жинауға асығамыз» деген айдармен мектептің кіре берісінде тұрған қызыл қоржынға балалар өз қолдарымен асық жинап, апта соңында сол жиналған асықтармен «Асық ату» ойынын ұйымдастырды. Кемі екі баладан бастап қанша бала ойнаса да мүмкіндігі мол бұл ойын шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, тез шешім қабылдауға, ырымға, ырысқа тәрбиелейді. Үлкен мен кіші бір-біріне қамқор болып келісіп, құрдас пен құрдас бір-бірімен бәсекелесіп, үлкен мен кіші бір-бірін сынай ойнайтын асық ойындарының түрлерінде балалар жүгіреді, секіреді, көздейді, тигізеді, ерегеседі, жеңеді, жеңіледі, ұтады, ұтылады. Мектеп ұлттық тәрбие - ұлттық ойын арқылы спорттық





бәсекелестік қалыптастыруды жолға қойған. Бір ғана асық ойыны балалардың басын біріктіріп, ұлттық ойынның жоғалмай, жалғасын табуына себепші болуда.

Мектеп-бөбекжай-балабақшада еңбек тәрбиесі де басты назарда. Мектептің күрделі жөндеу жұмысы кезінде мұғалім де, оқушы да өз үлестерін қосып, сапалы нәтижеге қол жеткізуге талпынса, мектептің техникалық қызметкерлеріне құрмет көрсетуде де өз ерекшеліктері бар. Ай сайын техникалық қызметкерлердің жұмысын мектеп мұғалімдері мен оқушылары алмастырып, техникалық қызметкерлердің бойындағы адами ерекшелікті, шығармашылық шеберлікті шыңдау мақсатында түрлі қолөнер бұйымдарын жасауға, мерекелерге арналған кештерде өнерлерін көрсетуге мүмкіндік беріп, еңбекті бағалауды, адамды сыйлауды балаларға үйретуде. Соның айғағы ретінде асхана кіреберісіндегі лала гүл мен акт залының сахнасында тұрған үлкен раушан гүлдерін атауға немесе мұғалімдер күніндегі концерттік номерлерді айтуға болады.

Мектеп мұражайы, экоалаң ұстаздардың және мектеп оқушыларының қолымен жабдықталуда, «Оқуға құштар мектеп» жобасы да ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани көпірді жалғап тұрғандай.

Бұл аталған шаралар дариядай көп тәрбие жұмысының бір бөлігі ғана. Көз көріп, құлақ шалып қалған игі істер құндылыққа бағытталған

тәрбие мен білім беруде педагогикалық ұжым мақсатының айқын екенін байқатады.

Құндылық – тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұралар десек, оларға: сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, қайырымдылық, ізгілік, шешендік, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, рухани байлық сынды қасиеттер жатады. Сонымен бірге халқымыздың атадан балаға мирас болып қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары және бабаларымыздың ғибратты сөздері енеді. Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді. Міне, осы тұрғыдан «Ақтау «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешені» өз қызметінде оқушыны әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарап, ана тілі мен ұлттық салт-дәстүрін құрметтейтін, басқа тілде де жетік сөйлей білетін, дүниетанымы, ақыл-ой парасаттылығы қалыптасқан, еңбекқор, мақсат қоя алатын және сол мақсатқа жету жолдарын таңдай білетін, жауапкершілігі мол, мінез-құлқы, айналадағы адамдарға қарым-қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайларда нақты шешім қабылдай алатын, өзіне сын көзбен қарай білетін салауатты тұлға тәрбиелеуді мақсат еткен. Сол мақсатқа жетуде мектеп басшысынан бастап, ұжымның әрбір мүшесі өз үлесін қосуда.





Ақтөбе балалар және жасөспірімдер туризміне 50 жыл!

Утарбаева А. Б.
 ҚЖСТ-ның әдіскері,
 Ақтөбе қ., Ақтөбе обл.

Андатпа

Мақалада Ақтөбе қаласындағы балалар-жасөспірімдер туризм және экология қызметімен жұмыстанатын бірден бір қосымша білім беру мекемесі – Жас туристер станциясының қызметі туралы жазылған.

Аннотация

В статье рассказывается о деятельности станции юных туристов города Актөбе-единственного учреждения дополнительного образования, занимающегося детско-юношеской экологической и туристской деятельностью.

Кілт сөздері: Ақтөбе қалалық жас туристер станциясы, «Туған өлкеге саяхат» байқауы, «Гүлдене бер, Қазақстан!» танымдық өлкетану байқауы, «Арайлы Ақтөбе-туған өлкем!» ғылыми-тәжірибелік конференциясы.

Жас туристер стансасы 1971 жылдың қараша айынан бастап қызметін атқарып жатыр. 800 м² көлеміндегі ғимаратта орналасқан балалардың экскурсиялық – туристік базасы (сол кездегі атауы), туристер стансасы болар алдында №5 мектепке дейінгі балалар үйі болған және XIX ғасырдың аяғында салынып Жанқожа батыр, 62 көшесінде орналасқан (көшенің бұрынғы атауы Фрунзе көшесі). 2005 жылға дейін туристер стансасы облыстық балалар экскурсиондық–туристік базасы болып саналды, ал 2005 жылдан бастап Ақтөбе қаласының білім бөлімінің жанындағы «Қалалық жас туристер стансасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны статусын алды.

Қалалық жас туристер стансасы қаламыздағы балалардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыратын және өскелең жас ұрпақты туристік-өлкетану қызметіне баулитын, 50 жылдық тарихы бар бірден – бір қосымша білім беру мекемесі.

Ақтөбе облысындағы туризмнің оқу-тәрбиелік ролі әрқашан маңызды және жас туристер стансасының үйірмелерінде жүзеге асырылады. Станса «Үйірме оқушыларының танымдық

қызығушылығын, салауатты өмір салтына ұмтылуын қалыптастыру, қосымша білім беру педагогтардың кәсіби шеберлігінің өсуі арқылы Ақтөбе қаласындағы балалар арасында туризмді белсендіру» басты мәселесін, әртүрлі бағыттағы үйірме жұмыстары, бұқаралық, жеке және топтық қызмет түрлері арқылы Қазақстан Республикасы Елбасының жолдауындағы салауатты өмір салтын насихаттау бойынша тапсырмасын орындайды. Ал, туризм бұқаралық спорттың бір түрі болып табылады. Қалалық жас туристер стансасының туристік-өлкетану бағытындағы жұмысы балалар туризмін дамытудан басталады.

Жас туристер стансасы үш бағытта жұмыс істейді: спорттық-туристік, туристік-өлкетану, экологиялық және ақысыз үйірмелер балалардың бос уақытын тиімді әрі қызықты өткізуге ықпал етеді. Соңғы екі жылда оқушылардың жалпы контингенті 720 оқушыны құрайды. Қазіргі уақытта 19 үйірме жұмыс жасайды, оларды өз ісінің шебері - қосымша білім беру педагогтары ұйымдастырып жүргізеді. Стансамыз қаламыздағы 70-тен астам қала мектептерімен тығыз байланыста жұмыс жасайды.



2009 жылғы Қазақстан Республикасының Үкіметінің «Менің Отаным – Қазақстан» республикалық туристік-экспедициясын ұйымдастырудың алдына қойған басты мақсаты – оқушылар, жастар арасында ішкі туризмді дамыту, денсаулықты нығайту, тарихты, мәдени мұраларды, туған өлкесінің салт-дәстүрлерін игеру болып табылады.

Туристер стансасы республика, облыс, қала бойынша көптеген орталықтармен: Республикалық қосымша білім беру және оқу-әдістемелік орталығымен, Батыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығымен, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтымен, облыстың төтенше жағдайлар Департаментімен, Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасымен, ҚБ «Ақтөбе облысының спорттық бағдарлау федерациясымен», Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығымен, «Ақтөбе - Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығымен, «Asyl Ustaz» қоғамдық бірлестігімен және де жоғары оқу орындар ішінде Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетімен, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетімен, музейлер ішінде Кеңес Одағының батыры Ә.Молдағұлова

атындағы облыстық мемориалдық музейімен, Облыстық тарихи-өлкетану музейімен, Ақтөбе облыстық өнер музейімен, сонымен қатар Қобда ауданындағы Әлия патриоттық тәрбие беру орталығы және Қобыланды батыр мемориалдық кешенімен, кітапханалар ішінде С.Бәйішев атындағы облыстық-әмбебап кітапханасы және Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасымен ынтамақтастық қызметте жұмыс жасайды.

Туристер стансасы білім беру қызметінен бөлек түрлі туристік, экологиялық, өлкетану іс-шараларын ұйымдастырып өткізумен қатар өлкетану бағытын дамытуда ауқымды жұмыстар атқаруда. Экскурсиялық-экспедициялық іс-шараларын ұйымдастырып өткізудің басты мақсаты - туған өлкеге сүйіспеншілік, білім алушыларды тарихи әлемді тануға дамыту, жастарды тарихи, мәдени, рухани мұраны игеруге баулу болып келеді.

Соңғы жылдардағы зерттеулер, туристік-өлкетану қызметі өскелең ұрпақтар дамуына ықпал ететін тиімді құрал екендігін көрсетті. Қалалық жас туристер стансасының тәжірибелі педагогтары және туризм инструкторлары жылма-жыл қала және аудан мектептерінің тарих және география, дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне, музей қызметкерлеріне туристік-өлкетану бағытында әдістемелік көмек көрсе-



ту мақсатында қалалық, облыстық семинарлар және шебер-класстар өткізіп келеді.

Мектеп оқушылары және педагогтер арасында дәстүрлі туристік-өлкетану бағытында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2018 жылғы 5-қазанындағы «Әрбір қазақстандықтың еліміздегі өзгерістер үдерістерінде атсалысуы» жолдауының «Өз жерінді танып біл» бөлімін басшылыққа ала отырып, туристік өлкетану қызметі арқылы жаппай мектеп туризмін дамыту барысында «Туған өлкеге саяхат», «Гүлдене бер, Қазақстан!» танымдық өлкетану байқаулары, «Арайлы Ақтөбе- туған өлкем!» ғылыми-тәжірибелік конференциясы және аудан мектептері оқушыларының арасында ғылыми жобаны қорғау қалалық байқауын өткізу дәстүрге айналды. Ғылыми жобаның негізгі бағыты – өз өлкеміздің өлкетану тұстарын кеңінен көрсету. Экология бағыты бойынша «Табиғат әлемі балалар көзімен», «Балалық шақтың ғажайып әлемі» отбасы байқауы, экологиялық акциялар және спорттық туризм бағыты бойынша туризм техникасы бойынша жарыстар, Білім саласы қызметкерлері арасындағы туриада, жасанды шыңға өрмелеу бойынша ашық біріншіліктер, «Жүзден жүйрік» спорт-туристік жарыстар, «Әкем, анам және мен біз туристік жанұя», «Туризм арулары» т.б. «Менің Отаным-Қазақстан!» республикалық туристік-өлкетану слетінің облыстық кезеңін қалалық, облыстық,

республикалық деңгейде жылма жыл дәстүрлі және онлайн түрде ұйымдастырып келеді.

Әсіресе, қазіргі жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жас туристер стансасының ұйымдастырған қалалық, облыстық спорттық – туристік бағыттағы жарыстарында тәртібі қиын балалар жүлделі орындарды иеленіп, республикалық деңгейдегі шараларға қатысып, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруда спорттық туристік бағыттағы «Жасанды шың», «Жаяу туризм» сынды экстремальды үйірмелерге деген сұраныстары арта түсуде.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында Қазақстан тарихын зерттеуге және Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған алты ірі жобаны жариялады. Бұл «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы. Өз өлкелері туралы ғылыми-ізденіс жұмыстарын зерттеуге ынтасы артады. Жорықтар, саяхаттар барысында балалар табиғатпен қоян-қолтық араласуға, олардың бойында құнды жеке сапалар: көпшілікке, қарым-қатынасқа, беріктілік пен шешімділікке және табиғатқа, досқа көмекке келу мүмкіндіктерін қалыптастырады.

Жас туристер дала жағдайында шатырларда тұрады, алғашқы дәрігерлік көмек, туристік дағдыларды үйренеді, әсіресе мінез-құлқы қиын балалар ашылып өздерін басқа қырларынан





көрсетіп, шыңдалады. Жорықтарда жас туристер «Қазақстан саяхатшысы» нормативін орындайды. Жыл бойы спорттық бағыттағы үйірмелердің белсенді, дарынды соның ішінде категориялық жорықтарға қатысқан үйірмешілер оқу жылы аяғында «Жас турист» төсбелгісіне ие болады. Сондықтан мектеп оқушыларының өлкетанушылық қызығушылықтарын қалыптастырып, спорттық-туристік-өлкетану қызметіне белсенді түрде тартудың маңызы өте зор.

Стансамамызда іс-шараларға, түрлі сайыстарға белсене қатысып, өзінің дарындылығын көрсете біліп, үлкен нәтижелерге жеткізген білімалушыларымыз көптен көп. Атап айтсақ, «Турист өлкетанушы» (жетекшісі Үмбетияр Ә.З.) үйірме білімалушылары – Ерзақ Нұрталап, Танибергенқызы Арайлым, «Әдеби өлкетану» (жетекшісі Даулеталина А.) үйірме білімалушылары – Алиева Жансулу, Болат Мөлдір, Болат Махаббат, Есенжолова Наз түрлі іс-шараларда белсенділік танытып, даралана білді. «Қолөнер және туризм», «Географ өлкетанушы» (жетекшісі Аймағанбетова Ш.С.) үйірмелерінің білімалушылары - Жарас Сұңғат, Жанахметова Жанар, Мейрамбаева Ансаған республикалық, халықаралық деңгейдегі сайыстардың жүлделі орындарын иеленді. «Виртуалды экскурсия», «Жас экскурсовод» үйірмелерінің білім алушылары Нұрадинов Әлімжан, Бақытжанова Кәусар, Несіпбай Гүлзат, Жамешова Томирис. «Жас

эколог турист», «Туған өлке» (Мерекеева А.Б.) үйірмесінің білімалушылары Базарбаева Айым, Сарсенова Айдана облыстық, республикалық байқаулардан жүлделі орындар иеленді. Спорттық туризм бағытында «Спорттық туризм» үйірмесінің білімалушылары Самигуллаев Еламан, Аманқоссын Азамат, Шкаев Тимофей, Нурлан Арнат, Капылов Роман облыстық, республикалық жарыстарға қатысып белсенділік танытты. «Спорттық бағдарлау» (жетекшісі Шуренбаев Н.О.) үйірмесінің білім алушылары – Амангелдиев Қайыржан, Иманғалиев Димас, Мұздақбаева Карина, Бекешова Ханшайым.

Біздің шәкірттеріміз халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық туристік жарыстардың жүлдегерлері және түлектеріміздің көпшілігі туризм, геология мамандықтарының студенттері және түлектері.

Соның ішінде айтатын болсақ, 2011-2012 жылы «Өлкетану географиясы» үйірмесін тәмамдаған үйірме білімалушысы Байманова Ботагоз «Туризм және спорт академиясы» түлегі, сонымен қатар «Атамекен» үйірмесінде білім алған Нағашыбаева Айгүл Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті, «Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау» мамандығын игеріп тәмамдаған, 2017-2018 жж. «Спорттық туризм» үйірмесін тәмамдаған Қайзулин Азамат және Сейілжанов Мади қазіргі таңда Қ.Жұбанов атындағы



университетінің «Туризм» мамандығы бойынша 3 курс студенті болып білім алуда. 2012-2013 жж. Нурмаганбет Нуржан «Спорттық туризм» үйірмесінің білімалушысы болып, С.Бәйішев атындағы «Туризм» мамандығын тәмамдап, қазіргі таңда стансамызда «Спорттық туризм», «Жаяу туризм» үйірмелерінің жетекшісі және педагог-ұйымдастырушысы қызметін атқаруда.

Педагогтарға шығармашылық шеберліктерін шындау, кәсіби қорын кеңейту және тәжірибе алмасу мақсатында қосымша білім беретін педагогтарымыз дәстүрлі өткізілетін қалалық, облыстық және республикалық байқаулар мен жарыстарға белсене қатысып, жүлдегерлер атануда.

Педагогтарымыз Бекбергенова А.И., Шуренбаев Н.О., Утарбаева А.Б., Нурмаганбет Н.Ж., Кубашева А.М. «Қазақстан саяхатшысы» төсбелгісінің иегерлері, Бекбергенова А.И., Шуренбаев Н.О. және Утарбаева А.Б. «Туризм нұсқаушысы» төсбелгісінің иегерлері, Бекбергенова А.И., Ногаева Б.К. «Туризм саласының үздігі» төсбелгілерінің иегерлері және Москва қаласындағы А.А.Остапец-Свешников атындағы Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризм және өлкетану академиясының корреспондент мүшелері. Сонымен қатар педагогтарымыз ҚР даму инвестициясы және ҚР Білім және Ғылым министрлігінің алғыс хаттары мен құрмет грамотасымен марапатталды.

Қалалық жас туристер стансасы 2019 жылы Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясына мүше болып, «Қазақстандық ЮНЕСКО клубының мүшесі» мәртебесіне ие болды. Бұл клубтың негізгі бағыттарына мәдени іс-шараларды өткізу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени мұраны қорғау, дәстүрлі өнерді сақтау және тағы басқа республикалық деңгейдегі мәдени-көпшілік, экологиялық іс-шараларды ұйымдастыру жатады. Осы тұрғыда қалалық жас туристер стансасы жоспарға сәйкес қалалық, облыстық, республикалық деңгейде туристік-өлкетану бағытында іс-шаралар ұйымдастырып келеді.

2019 жылы Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасынан жас геологтардың олимпиадасын ұйымдастыруға және өткізуге атсалысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды. 2020-2021 оқу жылында «Zhubanov University-2021» «Кәсіптік практиканың үздік базасы-Creating the future» конкурсына қатысып, 3 орын алып, дәрежелі дипломмен марапатталды. «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығымен тығыз байланыста жұмыс атқару барысында жыл соңында алғыс хатпен және «Лучший социальный партнер - 2021» кубогымен марапатталды. 2021 жыл-Туристер стансасының 50 жылдық мерейтойы.





Экскурсиялар мен жорықтар арқылы оқушылар өз өлкесінің тарихымен, танымал тұлғаларымен танысып, туған жеріне деген құрметтері арта түседі. Түрлі саяхаттар арқылы жас ұрпақты туған еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен қайсар батырларымыз, қазақ халқының бірлігін аңсаған ата-бабалармыздың туған жеріне деген сүйіспеншіліктерінен тәрбие алатындай етіп баулу көзделген.

Ақтөбе қаласының жас туристер стансасы жыл сайын 18 сәуір – Халықаралық тарихи ескерткіштерді қорғау күні үйірме оқушыларымен «Батырлар есімі-мәңгілік есте» айдарымен өлкеміздегі ескерткіштердің тарихымен танысып, жиындар өткізеді. Біздің облысымызда да тек осы аймақтың ғана тұрғындарын емес, өзге де алыс, жақын елдердің жұртшылығын қызықтыратындай танымдық, тарихи, археологиялық, көрікті табиғи орындар мен ескерткіштерде аз емес.

Ақтөбе өмірдің қай саласы бойынша да жаңару, жаңғыру үстіндегі экономикалық қуаты орасан мол аймақ. Кең байтақ даламыздың әрбір тасы, биік жоталары мен қыр-белестері, өзен-көлдері, табиғи-сәулет ескерткіштері тарихтың терең қойнауына қарай жетелейді. Облыстағы ерекше қорғалынатын объектілердің қатарындағы географиялық жағынан тиімді орналасқан, айтарлықтай туристік әлеуетке ие Жаманшың метеорит кратері, Айдарлыша геологиялық қимасы, Торғай зоологиялық

табиғи қорығы, «Мәдени мұра» республикалық бағдарламасына енгізілген 14-15 ғасырлар ескерткіші Абат-Байтақ кесенесі қызығушылық тудырады. 2019-2020 оқу жылы қыркүйек айында «Жас геолог» үйірмесінің білім алушылары «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламасы аясында «Қазақстанның киелі географиясы» базалық бағыты бойынша Ырғыз ауданындағы Жаманшың метеориттік кратеріне Халықаралық ғылыми-зерттеу экспедициясына қатысты. Шара барысында білім алушылар ресейлік, профессор, кратер зерттеушісі Павел Флоренский, белгілі геолог, профессор, минерология ғылымының докторы Борис Зейлик т.б. ресейлік және қазақстандық геология саласының мамандарымен кездесіп, зерттеу жұмыстары бойынша көптеген мағлұматтар алды. Экспедицияға қатысқан білім алушылар қалалық, облыстық байқауларда жүлделі орындарды иеленіп, Республикалық «Жас геолог» олимпиадасына қатысуға дайындық үстінде. Ақтөбе қаласының көрікті жерлері бойынша «Ару қала – Ақтөбе», «Ақтөбе – үшінші мыңжылдықтың қаласы», «Түнгі қала» шолу экскурсиясы; «Батырлар – ел қорғаны», «Ескерткіш – ел тарихы», «Ынтымақ пен бірлік – рухани келісімнің белгісі» атты тақырыптық экскурсиялар; «Мамандықтар әлеміне саяхат» жоғары және арнаулы орта оқу орындарына кәсіби - бағдарлау экскурсиясы, «Өндіріс саласы орналасқан мекен» өндірістік экскурсияларын ұйымдастырып келеді.



Ал Ақтөбе облысының киелі және таңғажайып жерлері бойынша «Қобда - батырлар мекені» тарихи-танымдық экскурсиялары: «Әлия –ғасыр аруы», Қарақыпшақ Қобыланды батыр кесенесі, «Ұлы даланың інжу – маржаны –Абат-Байтақ, «Қызыл там», «Беккүл баба» кесенелеріне, Алға ауданындағы «Ту ұстап, тарлан мінген - Есет батыр» кесенесіне; Қарғалы сарқырамасына, Хромтау ауданындағы Айдарлыаша геологиялық қимасына экскурсиялық маршруттары ұйымдастырылып келеді.

Сонымен қатар Қалалық жас туристер стансасы жанындағы «Достық» лагерінде ұжым қызметкерлері жылма – жыл мектеп оқушыларының жазғы демалысын спорттық-туристік бағытта тиімді өткізуге ат салысып келеді. «Достық» жазғы лагеріндегі әр маусымы экологиялық-биологиялық, спорт-туристік, ғылыми-техникалық және мәдени-танымдық бағыттарында ұйымдастырылып өткізіледі. Лагерімізде балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру үшін барынша жабдықталған. Лагерде жалпы демалыс маусымының төрт кезеңінде де аз қамтылған отбасы, көп балалы ата-аналардың балалары, жетім және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 1000-нан астам балалар тегін ақысыз демалады. «Достық» жазғы лагері - балалар үшін таптырмас жазғы демалыстағы тынығу орны. 12 күн бойы балалар спорттық, туристік, экологиялық – биологиялық бағыттағы үйірмелермен қатар ән, би, актерлік

шеберлік, бейнелеу және ұлттық нақыштағы тұрғызылған киіз үйде қолөнер «Шеберлер ауылы» үйірмелеріне қатысады. Мәдени бағыттағы үйірмелерге қатысқан балалар өнерлерін сахнаға алып шықса, экологиялық-биологиялық, бейнелеу және қолөнер үйірмелеріндегі балалардың жұмыстарынан «Табиғи бұйымдардан балалар жасаған ғажайып» атты көрмелер, балалар алаңы жасақталып ұйымдастырылады. Ал спорттық туризм үйірмесінде балалар шатыр құруды, алау жағуды, түрлі туристік жол кедергілерінен өтіп, туристік эстафеталарға қатысады. Үйірмеге әсіресе ер балалар үлкен қызығушылықпен белсене қатысады. Сонымен қатар лагерьде ашық аспан астындағы балалар бассейні бар. Бұл балдырғандардың қауіпсіздігі үшін тиімді әдіс және денсаулықтың шынығуына үлкен әсері бар. Салауатты өмір салтын насихаттау барысында балалардың бассейнге барар жолында туристік кедергілер мен био жолдар жасалған. Лагерьде бүлдіршіндердің әрбір күнін ерекше өткізу бағытында, күнбе - күн қызықты түрлі мәдени, зияткерлік және тағы басқа да шаралар ұйымдастырылып өткізіліп отырады. Лагерь жұмысымен қосымша балаларға қаламыздың мәдени орталықтарымен тығыз байланыс орнатылады. Атап айтар болсақ, Т.Ахтанов атындағы драма театры, «Алақай» қуыршақ театрының қойылымдарын көрсетсе, Ақтөбе қалалық «Мәдениет» үйі, Н.Байғанин атындағы кітапхана, Кеңес Одағының Батыры Ә.Молдағұлова атын-





дағы облыстық мемориалдық музей қызметкерлері де лагерь балаларының көңілін көтеру, білімдерін толықтыру, шаттандыру мақсатында түрлі шаралар мен тренингтер, концерттер өткізеді.

Достық лагері жанында бесінші жыл қатарынан «Батыр» шатырлы лагерінде балалар дала жағдайында жазғы демалыстарын қызықты өткізуде. ҚЖТС ұжымы 12-15 жас аралығындағы балалар үшін 5 күндік туристік-экскурсиялық бағдарламасымен «Батыр» шатырлы лагерь жұмысын ұйымдастырады. Лагерьдің әр маусымы спорт-туристік, мәдени-танымдық, бағыттарында ұйымдастырылып өткізіледі. Лагерьдегі балалардың әр күнін қызықты өткізу үшін тәрбиешілер мен тәлімгерлер, қосымша білім беру педагогтері, туризм инструкторлары тынбай қызмет атқарады. Балаларға спорттық-туристік жарыстар мен эстафеталар ұйымдастырылады. «Батыр» шатыр лагерінің ерекшелігі – үнемі спорт-туристік бағытында жұмыстар жүргізіледі. Лагерьде балалар дала жағдайында тұруды, алау жағуды, компаспен жұмыс жасауды, түрлі туристік жол кедергілерінен өтуді, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуді, туристік түйіндер байлауды, топографиялық белгілермен жұмыс жасауды үйренеді. Сонымен қатар, демалыс барысында жаяу жорықтарға шығып, шатыр құруды және жинауды, алау жанында бардтық әндерді үйренуді, дала жағдайында шыңдалу

дағдыларын меңгереді. Балалардың жүзінен күлкі, жүрегінен жалын, саналы сезім төгілсе, онда ұрпағымыздың денінің саулығы.

Бала – біздің жарқын болашағымыз! Сондықтан балалардың жазғы демалысын жоғары деңгейде өткізу біздің парызымыз! Лагерлерде балалар өздеріне достар тауып, жандары жайлы, демалыстары қызықты өткендігін балалардың жүздерінен байқауға болатын.

2013 жылы Достық лагері Облыстық кәсіподақтар кеңесінің жариялаған «Ең үздік қала сыртындағы лагерь» атанды. Ал 2018 жылы Астана қаласының 20 жылдығына орай Ақтөбе облысының жазғы демалыс лагерлерінің демалушылары арасында өткен «Астана-жеңісінді саған арнаймын!» атты облыстық балалар Спартакиадасына белсене қатысып, жалпы командалық есепте жүлделі 1 орынды иеленді.

Біздің басты мақсатымыз өскелең ұрпақтың бос уақыттарын ұтымды ұйымдастыру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, өлкеміздегі балалар және жасөспірімдер туризмін насихаттау, дамыту және белсендендіру. Барлық стансаның нәтижесі ұжымның үлкен еңбегінің арқасында жүзеге асып келеді. Ал, біздің станса өз кезегінде, келесі 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары барысында, Елбасы қойған мақсаттарды іске асыру үшін барлық мүмкіндіктерді жасауға тырысады, өйткені «өткенге мақтаныш, болашаққа деген прагматикалық баға және оң көзқарас – біздің еліміздің жетістігінің кепілі».





Ридзаускене И.В.
 ПДО ДЮЦЭТ
 г. Павлодар, Павлодарская обл.

Аннотация

В этом году группа туристов из Павлодара под руководством педагогов дополнительного образования Детско-юношеского центра экологии и туризма в составе 16 человек совершили поход 2 категории сложности и успешно его прошли. Представляем вам дневник похода. Он позволит нашим читателям не только подробнее изучить маршрут, но и самим окунуться в атмосферу горного похода.

Андапта

Биылғы жылы Павлодар қаласынан 16 адамнан тұратын балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығының қосымша білім беру педагогтарының жетекшілігімен 2-ші категориялық жорыққа шығып, одан сәтті өтті. Сіздерге жорық күнделігін ұсынамыз. Бұл біздің оқырмандарымызға бағытты егжей-тегжейлі зерттеп қана қоймай, сонымен бірге тауға жорық атмосферасына енгізе мүмкіндік береді.

Ключевые слова: *категорийный поход, спортивный туризм, Северный Тянь-Шань, горный поход, перевал*



Ридкаускас В.Ю.
 ПДО ДЮЦЭТ
 г. Павлодар, Павлодарская обл.

Горы в моем сердце...

Горы зовут. Горы снятся. Каждый год ты бросаешь свои дела, набираешь группу и идешь к ним, туда, где скрылось твое сердце...

В этом году наша группа в составе 16 человек отправилась в спортивный поход 2 категории сложности и успешно его прошла. Представляем вам наш дневник похода. Он позволит нашим читателям не только подробнее изучить маршрут, но и самим окунуться в атмосферу горного похода.

День первый. Медео - ущелье Горельник – водопады Титова – Орлиное гнездо. Итого: 13,63 км

Наш первый походный день начался с Медео, точнее с его ступенек, количество которых мы пытаемся сосчитать уже какой год. В этот день нам предстояла акклиматизация и подход к перевалу Титова (1А, 3630). Шли по традиции долго и тяжело. Уже на ступеньках многие осознали, что «надо было бегать», что гоняли мы их не из вредности, а для их же блага. Но было уже поздно. Самые сильные спустились за рюкзаками к

самым слабым, помогли. А далее путь продолжился в ущелье Горельник. На ночевку встали на Орлином гнезде, и даже начали привыкать рано ложиться спать. В 20.00 объявили отбой, а в 21.00 уже почти не шушукались.

День второй. Перевал Титова – Мынжилки. Итого: 14,5 км.

Проснулись пораньше (в 6.00). С непривычки собирались долго и отправились в сторону перевала Титова. Три перехода и мы у перевального взлета. В этот раз в отличие от пяти предыдущих лет взяли перевал правильно. Перевал Титова самый первый, самый любимый, один из самых легких, наверное поэтому в этот день не так много снимков. Поднялись. По традиции сфотографировались с двух сторон на перевале и вниз. По дороге кое-кто решил показать скоростной спуск, гимнастику и паркур. Почти получилось. Обошлось разбитой коленкой и ладошкой. Седые волосы у тренеров не считаем. В амбициозных планах было подняться на стоянку Альпенград и там заночевать, чтоб завтра с утра взять



перевал Пионер. Не поднялись. Спустились на плотину Мынжилки и около 19.00 встали лагерем. Легкий дождь впервые накрыл нас уже на подходе к Мынжилкам. Учимся ставить лагерь в скоростном режиме.

День третий. Стоянка Альпенград – озеро Маншук Маметовой – перевал Пионер – ледник Богдановича – подход под перевал Школьник. Итого: 11,4 км.

День выдался супер тяжелым несмотря на сравнительно поздний подъем (в 7.00). Предстоял долгий и нудный подъем до Альпенграда. Обнаружили воду, чему были приятно удивлены. Обычно в августе месяце воду на Альпенграде можно только подкопать. На стоянке мы отдышались, передохнули и неожиданно быстро дошли до озера Маншук Маметовой. Решено было подниматься уже сегодня. Подъем на перевал Пионер сравнительно легкий. Для многих участников это первый перевал категории Б. Разбились на две группы. Одна группа отправилась на среднюю морену в центре склона, вторая вдоль скалы по правому краю. Оба пути относительно не камнеопасные. Поднялись за час. А вот на другую сторону путь предстоял не из легких. Ледник Богдановича практически растаял. Уютного снежного склона, по которому можно было бы скатиться глассером (читай на попе) не было. Пришлось надевать кошки и страховать тех, у кого их не было. Два-три подхода и все спусти-

лись. Правда, под конец с ледника начали лететь камни. Стоянка у ледника Богдановича оказалась разрушена, пришлось идти ниже, аж до перевала Школьник. В 19.00 встали лагерем. Очень устали. На завтра запланировали полудневку.

День четвертый. Перевал большой Талгарский – малый Талгарский – река Левый Талгар – поляна КазПИ. Итого: 8,07 км.

В этот день у нас полудневка. Подъем решили сделать попозже (в 8.00), чтобы дать возможность выспаться и отдохнуть. Но большинство проснулись раньше и в 7.35 дежурные уже готовили завтрак. На маршрут вышли в 9.30. По плану – спуск к реке Левый Талгар. Что хочется сказать об этом спуске? Если вы не знаете, есть ли у вас проблемы с коленями и суставами, обязательно сходите сюда. Этот спуск как лакмусовая бумажка выявляет все скрытые болячки. Спуск занял два перехода (45 минут идем, 15 минут отдыхаем). Встали на поляне КазПИ. Дежурные начали готовить обед, остальные устроили постирушки, уделили время ремонтным работам и обработали натертые мозоли

День пятый. Река Левый Талгар. Итого: 12,57 км.

Сегодня в нашем маршруте имелось белое пятно. Неожиданно. Дело в том, что маршрут вдоль реки Левый Талгар один самых популярных среди туристов. Сюда ходят обычные алмаатинцы (без рюкзаков и спальников, про-



сто «погулять»), здесь проводят так называемые «кругосветки». На всем протяжении маршрута много оборудованных стоянок, каждая из которых имеет свое название: «Солнечная поляна», «Лунаня», «Красная», «Поляна дураков». Здесь же мы в разные годы встречали литовцев, украинцев, россиян. Но не так давно в горах Алматы сошла сель, и маршрут по большой Алматинской кругосветке оказался под вопросом. В сети развернулись нешуточные дебаты, как же ее [сель] обойти и что теперь делать. Хорошо, что мы об этом не знали, меньше нервничали. Уже на спуске в Левый Талгар мы встретили туриста, алмаатинца, который подробно рассказал, где эта самая сель начинается (точнее, ее выносы), и как их лучше обойти, чтоб быстрее вернуться на тропу. Да, размеры селевых выносов впечатляют! Река изменила свое русло, образовалось большое количество ручьев и речейков, берега будто срезаны ножом, огромное количество поваленных деревьев. Мы последовали совету бывалого туриста, и двигались все время ближе к реке. Таким образом, мы не встретили овраг, образовавшийся после схода сели, и сразу вышли на тропу. На обед остановились на Солнечной поляне. А уже после обеда начали убегать от дождя. Догнал нас дождь уже практически на слиянии рек Туристов и Левый Талгар, где мы и встали на незапланированную ночевку.

День шестой. Река Туристов – река Дмитри-

ева – подход под перевал Молодая Гвардия. Итого: 15,04 км.

Сегодняшний день можно смело назвать днем речек. Больших и малых, бурных и спокойных, холодных и очень холодных, обжигающе ледяных. До того как впервые перешла горную реку вброд, я даже не знала, что есть такая температура, от которой ноги буквально горят...

Встали в 6.00, в 7.25 вышли на маршрут. Через 10 минут мы были уже на месте первой переправы. Река Туристов относительно не бурная, перешли парами. Далее шли то по «зеленке», то по морене, стараясь не терять высоту. К 10.00 вышли к реке Дмитриева. Только один раз на моей памяти, в 2018 году, эта река была настолько спокойной, что мы ее просто не заметили. Все остальные годы она отличалась отменным нравом. Бурная, шумная, опасная. Переправлялись с веревками. Рюкзаки переправляли отдельно. За время переправы вода поднялась еще выше. Хорошо, что успели. Иначе пришлось бы ждать переправы до утра. Впереди несколько обходов, прижимов и еще две переправы. Первая по спокойной реке, белой словно молоко. И вторая по бурной реке. К этой переправе мы все уже вымотались, были голодными и уставшими вдобавок полил дождь. Пережидая дождь, пообедали. Ощутимо холодало, но мест для ночевки поблизости не было. Наша обычная стоянка находилась примерно в полчаса ходьбы. Под дождем.





Делать нечего, надели рюкзаки и вперед! В 19.00 встали лагерем, но, несмотря на трудный день, завтра предстоял день еще более трудный. Перевал Молодая гвардия. Остаться на отдых уже нет времени, да и холодно здесь отдыхать. Всю ночь шел дождь...

День седьмой. Перевал Молодая Гвардия – слияние рек Озерная и Кызылсай. Итого: 15,94 км.

Проснулись рано утром, но дождь не дал нам сразу выдвинуться к перевалу. Каждые полчаса нас накрывал туман, а в нем то дождь, то град... Приходилось вновь залезать в палатку, накрыв полусобранный рюкзак. Наконец, в 9.00, надев дождевики и накидки на рюкзаки, мы выдвинулись к перевалу. К 11.00 подошли к леднику, где стали готовить все необходимое для подъема: обвязки, веревки для связок, кошки, фонарики. В 13.00 поднялись на перевал. Подъем вышел не сложным, только на одном участке дети без кошек сильно скользили, пришлось чуть-чуть спуститься и продолжить подъем, взяв правее. Спуск с перевала представляет собой мелкую морену, довольно приятную для спуска. Далее шли по направлению к слиянию рек Озерная и Кызылсай. В 17.00 были уже на месте. Отбой в 20.30

День восьмой. Перевал Алматы-Алагир – ущелье Проходное – Алешкин мост. Итого: 19,21 км.

Наконец, можно вздохнуть свободно. Впереди лишь некатегорийный перевал Алматы-Алагир и наша любимая стоянка на Алешкином мосту. У

нашего Мишки сегодня день рождения, поздравили его по-туристски, шоколадкой, конфетами и небольшим подарком, которые тащили весь поход. День рождения это хорошо, но маршрут никто не отменял, перевал Алматы-Алагир некатегорийный, но какой же он нелюбимый!!! Постоянно кажется, что вот-вот, что вот эта подушка последняя, и ты наверху... Но ты залезаешь и видишь еще одну подушку, а за ней еще и еще... в 12.30 мы были уже на перевале. В который раз зареклись сами себе, что больше сюда ни ногой, и отправились вниз. По дороге к Алешкиному мосту мы пролезали через колючую проволоку, спускались по живописным водопадам и даже встретили толстых сурков (или хорьков, бурундуков), кто их коричневых да пушистых знает. Последняя преграда – мост через реку Проходная, и мы встали постоянным лагерем.

День девятый. Перевал Ломакина. Радиальный выход. Итого: 16 км.

Сегодня у нас еще один именинник. Точнее именинница, но это не меняет планы, маршрут должен быть пройден. Ирине Валерьевна и всем девочкам сделали поистине царский подарок, нам разрешили остаться в лагере, все остальные же отправились на перевал Ломакина. В 2018 году мы не взяли этот перевал, хотя он и был в маршруте, и в этот раз нам нужно было исправить эту ситуацию. По дороге к перевалу встретили поляну Высоцкого. Здесь мы не только нашли и прочитали информацию по леген-



дарного барда, но и увидели якобы его гитару и даже вещи. Подъем на «Пацанский» перевал начали в 11.22, его так окрестили ввиду отсутствия в группе девочек. В 14.15 группа поднялась на перевал. Мысленно поставили себе галочку «Выполнено», и пошли вниз. Впереди ждал вкусный ужин, приготовленный девчонками на дневке, и два именинных торта. Костя весь поход протащил коржи и все необходимое для тортов и умудрился их даже не помять!!! Вечером был костер, который немного подпортил морозящий дождь. На завтра запланировали выход из ущелья Проходное.

День десятый. Выход из ущелья Проходное. Итого: 8 км.

Ну, вот и все. Наш поход окончен. Поднявшись в 7.00, в 8.30 мы выдвинулись вниз по Проходному. Дорога четкая, уклоны дороги различны, имеются довольно крутые и обрывистые участки. Ближе к городу начинают попадаться беседки и туристы в них. Внизу ущелья Проходное, которое местные почему-то называют Алмаарасанским, мы встретили оборудованную купальню. Большое количество мостиков, и мы на парковке, где нас уже ждет заказанный спринтер. Сфотографировались на выходе из ущелья. Урааа! Наш поход завершен. Впереди целых два дня в Алматы, а это значит душ, нормальный туалет и много-много еды!!!

Мы преодолели 120 км, взяли 5 перевалов, из которых 4 категорийные.





Батыс Қазақстан облысының аймақтық тарихи-мәдени-географиялық нысандары



Тургумбаев А.А.
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университеті,
аға оқытушы-магистр,
Орал к., БҚО

Андатпа.

Мақалада Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғи-ландшафтық нысандардың бірі қарастырылған. Облыс аумағында тарихи және табиғи-ландшафтық нысандар бойынша осындай бағыттар көп. Олардың көпшілігі киелі нысандар тізіміне енгізіліп, республикалық мәртебеге ие болды. Осы далалық практика барысында студенттердің теориялық дайындығын әртүрлі табиғи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда, нақты аумақтардың нақты объектілерінде практикалық ғылыми-зерттеу қызметімен біріктіруге қол жеткізілді. Бұл тәжірибе зерттеушінің аймақтың табиғи компоненттерінің осы аумақтағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстармен байланысын көрсетуге арналған.

Аннотация.

В статье рассматриваются один из маршрутов по историко-культурным и природно-ландшафтным объектам Западно-Казахстанской области. На территории области подобных маршрутов по историческим и природно-ландшафтным объектам достаточно много. Большинство из них включены в список сакральных объектов и получили республиканский статус. В ходе этой полевой практики достигается соединение теоретической подготовки студентов с практической научно-исследовательской деятельностью в различных природных и социально-экономических условиях, на реальных объектах конкретных территорий. Эта практика призвана показать взаимосвязь природных компонентов изучаемого региона с социально-экономическими явлениями на данной территории.

Кілт сөздер: табиғи-ландшафтық объектілер, тарихи-мәдени объектілер, туристік маршруттар, геоботаника, практика.

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жаратылыстану-география факультетінде оқу үрдісіне енгізілген алыс кешенді сараман факультет құрылғалы дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарында дейін аталмыш сараман барысында кең Кеңес Үкіметінің көптеген жерлеріне факультет студенттері географиялық сараманға барса, бергін келе сараман географиясы соңғы жағдайларға байланысты қысқарып, еліміздің аймағына ауысқан болатын.

Алыс кешенді географиялық далалық сараман географ-студенттерді оқыту процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оны жүргізу кезінде студенттердің геологиялық-геоморфологиялық, физикалық-географиялық және экономикалық-географиялық пәндер бойынша аудиториялық сабақтар процесінде алған теориялық білімдерін пайдалану және бекіту көзделеді. Алдыңғы далалық тәжірибелерден алған біліктер мен дағдылардың дамуы жүзеге асырылады; географиялық көкжиектің кеңеюі; жан-жақты географиялық ойлаудың

маңыздылығы мен практикалық тиімділігі толығымен сезіледі. Кешенді далалық географиялық сараманның мақсаты - ЖОО-да географиялық пәндер циклі бойынша алған білімдерін тереңдету және бекіту, далалық кешенді географиялық зерттеулер дағдыларын дамыту, болашақ географ-мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру.

Жаратылыстану-география факультеті география кафедрасында 2021 жылдың 31 мамыр - 4 маусым аралығында «Орал қаласы – Федоровка– «Тақсай ханшайымы» ескерткіш белгісі - Қоныссай ауылы – Қырық оба қорғандар кешені – Бөрлі ауылы - Ақсай қаласы – Ақбұлақ ауылы – Ұзақ өмір бұлағы (Миргордка) - Торыат басы тауы – Сарқырама - Аққұм - Жымпиты ауылы - Орал қаласы» бағытында 6B05202 – География, 5B011600 – География, 5B012900 География-Тарих білім бағдарламаларының студенттерінің алыс кешенді сараманы ұйымдастырылды. Сараманға қатынасқан барлығы 16 студент өз теориялық білімдерін практикалық тұрғыда кеңейте түсті. Алыс кешенді сараманның мақсаты Батыс Қазақстан облысының аймақтық тарихи-мәдени-географиялық нысандарымен танысу, студенттердің теориялық білімдерін практикалық түрде жүзеге асыру болып табылады. Сараман барысында далалық жағдайда геоботаникалық зерттеулер, ватерпастық және невелирлік түсірілімдер жасалды.

Бірінші күні сараманға қатынасушылар факультетте сағат 8-00-де жиналып, техникалық

қауіпсіздік жөніндегі ережелермен таныстырылды. Кейін университет автобус көлігіне қажетті құралдар алынып, алдын ала жоспарланған маршрут бойынша басталды. Орал қаласы – «Тақсай ханшайымы» ескерткіш белгісіне тоқталып, кейін Федоровка ауылында болды.

Республикалық киелі орындар тізіміне енген ертесармат кезеңінің белгілі әйел адам жерленген жерінде Алтын ханшайым ескерткіші бойынша түсіндірілді. Оны география кафедрасының доценті, география ғылымдарының кандидаты Серік Кішібекұлы Рамазановтан артық білетін маман жоқ. Себебі 2012 жылы БҚО тарих және археология орталығында қызмет атқарып жүрген кезінде Серік Кішібекұлы Тақсай 1 археологиялық қазба кешенін зерттеушілер қатарында болған ғалымның бірі. «Тақсай ханшайымы» нысанының ерекшелігін ондағы қазба жұмыстарын жүргізген уақыттары, табылған жәдігерлердің тарихи маңыздылығы түсіндірілді.

Одан кейін Қоныссай ауылы маңындағы Қырық оба қорғандар кешені маңы арқылы Бөрлі ауылына тоқтадық. Қырық Оба қорғандар кешені Қоныссай ауылының оңтүстік-шығысқа қарай 10 шақырым жерде орналасқан. Кешен 10 ірі қорғаннан (хан қорғандары) тұрады. Қорғандарға Еуразия құрлығында ұсқас кездестірілмейді.

Түс ауа Ақсай қаласынан Ақбұлақ ауылы маңындағы Ұзақ өмір бұлағы (ескі Алғабас ауылының орны) тоқтап, студенттер палаткаларын құрып, лагерь орналастырылды. «Ұзақ өмір»





бұлағы Бөрлі ауданы территориясында Айдарлы тауының баурайында орналасқан. Жергілікті халық бұл бұлақтың суының емдік қасиеті барын алға қояды. Әр жылы жасалған экспедиция барысында бұлақ суының деңгейі төмендегенін және аумағының ластанғанын байқауға болады. Ластанудың басты себебі ауыл шаруашылығына мақсатсыз бұлақ суын пайдалану болып отыр. Қазіргі уақытта бұлақ айналасын қоршауға алып, тазарту жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындап тұр.

Екінші күні, таңмен ас дайындалып, студенттер практикалық жұмыстармен шұғылданды. Ауа райын бақылап, үш беткейдің ватерпастық түсірілімін жүргізді. Сонымен қатар, геоботаникалық зерттеулер жүргізілді. Түстен кейін сараманға қатысушылар Ұзақ өмір бұлағынан шығып, Шатырлы, Коностау, Айдарлы тау нысандары арқылы Торыат басы тауына барды. Кешкісін Шыңғырлау ауданы территориясында орналасқан Қыземшек тауы етегіне тоқталып, невилирлік түсірілім жүргізді және бағыт бойынша геоботаникалық зерттеу мен ауа-райы бақыланды.

Үшінші күні, ауа-райының жаңбырлы болуына орай, тездетіп жинастырылып, Қыземшек тауынан Ақшат ауылы арқылы Сегізсай ауылы маңында орналасқан Қалдығайты өзені жағасы Аққұм құмдарына тоқтадық. Жергілікті орман шаруашылығының инспекторы арқылы түнейтін жер анықталды. Аққұм маңындағы орманды алқапты қорғаушысы, жанашыры Серікжан

Нығметұлы Жалмаков ағамыз өз ісін меңгерген және жан тәнімен туған жерін сүйетін, нағыз патриот азаматтың бірі. Аққұм маңындағы ұшқан құсынан бастап, мекен ететін жануарлар мен өсімдіктер әлемін, ең бастысы ақ қайыңды қарағайлы орман қорын қорғаушы. Түстен кейін студенттер Аққұм құмына зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Төртінші күні ауа-райының жаңбырлы болуына орай Аққұм құмдарынан Ақшат ауылы арқылы Сарқырама немесе Қарағаш Ақсуат ауылы маңындағы аймаққа жол тарттық. Сарқырама Бұлдырты өзенінің бастауы және Әулие қыз бұлағынан су алып, Жаршағыл құмдарына зерттеу жұмыстарын жүргізілді.

